

## ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

қаңтар - желтоқсан 2013



*Болашақ бүгіннен басталады...*

Алматы 2013

## **Алғы сөз**

Бұл есеп «Е. Тәтішев атындағы «Ержан» Қоры» Қоғамдық Қорының 2013 жылдың ішінде қол жеткізген жетістіктерін оқырмандар назарына ұсынып отыр. Бұл есепте Қордың өз бағдарламалары мен көшбасшылықты дамыту бастамалары сипатталған. Есепке стипендиаттардың оқу үлгерімі мен әлеуметтік белсенділігі жайында статистикалық көрсеткіштермен қатар, өткен жыл ішіндегі Қордың бағдарламалар мен әкімшілік шығындарын көрсететін мағлұмат та жинақталған. Аталмыш есеп кең оқырмандар назарына арналады.

## **Мазмұны**

Кіріспе

1. Қордың Білім Бағдарламалары
  - 1.1. Бакалавр дәрежесін алу бойынша білім гранттары Бағдарламасы
  - 1.2. Мүгедектігі бар жастарға арналған білім гранттары Бағдарламасы
  - 1.3. Кентау қаласындағы №16 мектепті қолдау
2. Біздің түлектер
3. Стипендиаттар клубы
4. Біздің жетістіктеріміз
5. Қаржылық есеп

Мекен-жайымыз

*Қымбатты достар!*

*Біз сіздерге артта қалған бір жыл ішінде атқарған жұмыс нәтижелерін үлкен мақтанышпен ұсынғымыз келіп отыр. Осы уақыт аралығында бізбен бірге жақсы достарымыз бен сенімді серіктестеріміздің жақсы-жаманды уақытты бірге бөліскендері үшін ризалығымызды білдіреміз! Былтырғы жыл өткен жылдардан кем түспей, мәнді де мағыналы әрі іс-шараларға берекелі болды. Жыл сайын Қорымыздың ұясынан буыны қатайып, жаңадан қанат жайған балапандарын ұшырып оты. Кешегі балалар бүгінгі күні қазақстандық және халықаралық сан алуан компанияларда еңбек етіп келеді. Жыл сайын Қор көшбасшылардың жаңа ағынын қабылдап, олардың бірінші биіктерге көтеріліп, қиындықтарға төзуге, көш басында тұрып, елді үйіруге, дұрыс шешім қабылдап, өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарауға үйреніп келе жатқан кездеріне куә болып отыр.*

*Қор қызметінің бірінші бесжылдығы оның ізденіс үстінде жүріп, түрлі бағытта күш сынаумен өткен қалыптасу кезеңі еді. Бұл уақыт аралығы реформаларға, қызықты шаралар мен өткелдерге толы мағыналы өзгерістермен ерекшеленді. Бүгінгі таңда Қор өзінің басты институционалдық бағыттарын айқындап алды, ол негізгі құндылықтары мен идеяларына беріктік танытып, миссиясы мен мақсаттарын анық түсініп отырған есейген шағына келді деп күмәнсіз айта аламыз. Жоғары стандарттарды ұмтылған біздер стипендиаттардың саны емес, сапасын арттыруды алға алып отырмыз. Бұл бізді сипаттайтын және басқалардан өзгеше қылатын айрықша стиліміз, әрі Қор жұмысына жанын беріп ат салысқан адамдардың мақтан тұтатын жағдайы болып табылады.*

*Өткен 2013 жыл ішінде сегіз жас грантқа ие болып, еліміздің үздік колледжері мен университеттерінде дәріс алуға мүмкіндікке алды: төртеуі бакалавр дәрежесіне, ал қалған төртеуі арнайы орта білім иегері болады. Сонымен қатар Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласындағы №16 мектеп-лицейінің бетке ұстар сегіз оқушысы Ержан Тәтішев атындағы арнайы шәкіртақы иегері атанды. Биылғы жылы Қор түлектердің қатарына қаржы-экономика салаларында бакалавр дәрежесін алған бес жас пен халықаралық қатынастар, құқықтану мен органикалық заттардың химиялық технологиясы салаларында дипломға ие болған балалар үйлерінің түлектері қосылып отыр. Биыл Қордың алдымыздағы бірнеше жылдарға көздеген стратегиялық мақсаттары мен алғышарттары қайта қаралып, бағдарламалар барысын реттеуге бағытталған бірқатар құжаттар жаңартылды. Қордың адам қабілеттерін дамыту, жобалардың экономикалық пайдалылығы мен тұрақтылығы, ең үздік тәжірибені негізге алу, Қор саясаты мен іс-шараларының ашықтығы, әділдік пен шынышылдық, ақпараттың қолжетімділігі сияқты принциптері өзгеріссіз қалып отыр. Біз Ержан Тәтішев Қорының еліміздің мақтанышы, тарихта қалар бөлігі, өшпес мұрасы болуына үлесін қосып отырған адамдарға алғысымызды білдіреміз!*

*Барлық бастамаларыңыз табысты болып, күш-жігерлеріңіз сарқылмай, қызықты жобаларды іске асырылуына тілектеспін!*

*Құрметпен,*



*Дана Жарықова  
Қор Президенті*

## **Кіріспе**

«Ержан Тәтішев атындағы «Ержан» Қоры» Қоғамдық Қоры 2005 ж. Ержан Тәтішев әулетінің ниетімен пайда болған коммерциялық емес ұйым. Аталмыш қор Қазақстан тарихында бетке ұстар қаржыгер мен банк ісінде дарынды реформатор ретінде із қалдырған Ержан Нұрлдайымұлы Тәтішевтің рухына бағышталған мемориалдық қор болып табылады. Оның креативтілігі мен көзге түсер бастамалары банк жұмысына жаңа серпіліс беріп, оның ілгері дамуына септігін тигізді. Ержан Тәтішев көптеген адамдар үшін үлгі тұтар тұлға, новаторлық ой мен ерекше идеяларымен көзге түскен жас буынның өкілі ретінде есте қалды.



Мектеп мұғалимасы мен дәрігердің көпбалалы отбасында тәрбие көрген Ержан жастайынан қойған мақсатына берік әрі тәуелсіз болып өсті. Кентау қаласындағы орта мектепті бітірген соң мәскеулік жоғарғы оқу орнына оқуға түсті, ал туған жерге орала салысымен ол Қазақ Мемлекеттік Басқару Академиясында экономика мен менеджменттің мән-жайын меңгеруге кірісті. Ол білікті маман ретінде «Астана-Холдинг», «Казкоммерцбанк» пен «ТұранӘлем Банкі» сияқты ірі компанияларда еңбек ете қалыптасты. Соңғы аталған жұмыс орнында атқарған ісі Ержан үшін де, банк үшін де теңдесі жоқ үлкен тәжірибе көзіне айналды. «Тұран» және «Әлем» банктерінің қосылуы үлкен жігерлілікті, өз күшіне деген сенімділік пен ақылды басқаруды талап еткен үлкен іс болды. Әр адамның өз қызметінде отырып бір іске қосатын үлесінің қаншалықты маңызды екенін түсінген Ержан әркез кәсіпқойлықты уағыздаумен болды.

Алғашқы құрылған күнінен бастап Қор өз қызметінде қарапайым отбасыларынан шыққан жастарға нарық қажеттілігіне сай мамандықтарды игерулеріне мүмкіндік туғызып, миссиясын атқарып келеді. Осылайша грантқа үміткерлер болған жастар Қордың үш сатылы іріктеу жүйесінен өтіп, олардың топ жарған үздіктері ғана жеңімпаз атанады. Жыл сайын Қор қаржы-экономика саласында дәріс алуға 6 грант шамасында, ал мүмкіндігі шектеулі жастарға колледждерде оқуларына 8 грант шамасында көмек көрсетеді. Қор сапалы білім алуға мүмкіндік туғызып қана қоймай, өз стипендиаттары арасында әлеуметтік жауапкершілікті уағыздайды, тәрбие беріп, оларды, бірінші кезекте, естілікке үйретеді, өз ісіне жауапкершілікпен қарап, өмірге шыныққандарын қалайды.

Қор өз жастарына көшбасшылық қасиеттерін сіңірте отырып, әлеуметтік жауапкершілікті, тұрақтылықты талап етеді, өнімділік пен жоғары сапаны алға алып, әділдік пен шыншылдықты дәріптейді, ең үздік жетістіктерді ескере отырып іске асыруды басшылыққа алады. Барлық істе озат болу! Ертеңгі күні еліміздің нық басуына демей болатын жас буын қатарында Қор стипендиаттары болар деген үлкен үміт ұялайды!

## **1. Қордың Білім бағдарламалары**

Жас көшбасшыларды даярлауға бағытталған Қордың білім бағдарламалары 2007 жылдан бастап іске асырылып келеді. Сол жыл Қор стипендиаттарының бірінші ағымымен есте қалды, олар бүгінде ірі халықаралық компанияларда жұмыс істеп, келешегі мол маман иесі атанып отырған.

Білім гранттары бағдарламасының іске қосылған күнінен бастап қазіргі уақытқа дейін 80 грант бөлінді, олардың 49-ы жағдайы төмен отбасыларынан шыққан және балалар үйі түлектеріне жоғары білім, 32 грант мүгедектігі бар балаларға арнайы орта білім алу үшін берілді. Сонымен бірге Ержан Тәтішев атындағы 56 шәкіртақы Оңтүстік Қазақстан облысы, Кентау қаласының А.Ю. Гагарин атындағы №16 мектеп-лицейі оқушыларына тағайындалды.

Қор ағымдағы бағдарламаларын сыртқы және ішкі факторларын ескере отырып, қайта қарап, өзгерістер енгізіп отырады. Стратегиялық алғышарттарды есепке ала отырып, Қор бакалавр дәрежесін алуға арналған бағдарламасының іріктеу барысында қолданылатын кейбір критерийлерін қайта қарастырып, аймақтық көрсеткіш бойынша өзгерістер енгізді. Бұрында байқау халықаралық дәрежеде өткізілсе, қазіргі кезде бағдарлама іріктеуінде тек қазақстандық үміркерлер ғана қатыса алады.


Сонымен қатар Кентау қаласындағы №16 мектеп-лицей оқушылары арасында өткізілетін байқау ережелері де біраз өзгерістерге ұшырады. Бұған дейін қазылар алқасы берілген тақырыпқа жазылған шығармаға және де оқушылардың үлгеріміне қарап шешім қабылдаса, 2014 жылдан бастап негізгі бағаланатын көрсеткіш балалардың оқып жатқан сыныбы, мектебі, аудан немесе қала өмірін жақсартуға бағытталған еріктілік әлеуметтік жобалары болмақ. Бұл өзгеріс жоғарғы буын оқушыларын қоғам өміріне еліктіріп, мектеп пен Қор жұмысына қатыстыру, сонымен бірге ой-өрістерін креативті тұрғыдан дамытып, топтық сана-сезімге баулу, көшбасшылық қабілеттерін дамыту мақсатымен енгізілді.

Өткен жылдың маңызы зор шаралардың бірі жаңа серіктестікке қол созу болып табылады: Қор Сүлейман Демирел Университетімен Серіктестік жайындағы меморандумға қол қойып, осы ЖОО-на грант бөлді. Аталмыш университет Қазақстандағы басқа жоғары оқу орындарының ішіндегі беделділер қатарында, әрі бұл оқу орнының білімі үлкен сұранысқа ие.

### 1.1. Бакалавр дәрежесін алуға арналған білім гранттары бағдарламасы

Мектеп және колледж түлектеріне арналған Білім гранттары бағдарламасы Қордың ерекше көңіл бөліп отырған негізгі бастамасы болып келеді. Жыл сайын Бағдарлама талаптарына сай келетін, яғни оқу үлгерімі жоғары, әлеуметтік өмірде белсенділік танытқан әрі материалдық жағдайы төмен жастар арасынан жаңа стипендиаттар іріктелуде.

2013 жыл ішінде Қор мектеп, колледж және балалар үйі түлектеріне КИМЭП Университеті, Халықаралық Бизнес Академиясы мен Сүлейман Демирел Университетіне 4 білім грантын тағайындады.



1-сурет. ЖОО бойынша бөлінген үміткерлер үлесі (Бакалавриат)




2-сурет. Жынысы бойынша бөлінген үміткерлер үлесі (Бакалавриат)

Бақ сынаушылардың басым көпшілігі КИМЭП Университетіне - 63%, одан соң 16% - Халықаралық Бизнес Университетіне, 11% - Сүлейман Демирел Университетіне, ал қалған 10% - Халықаралық Бизнес Академиясына оқуға түсуге ниет қылды. Байқауға қатысушылардың 63%-ын қыз балалар құрады (2-сурет), бұл өз алдына демографиялық фактордың әсері болып табылады, сонымен бірге әйелдердің өзін-өзі дамытуға ынталылығы мен кеңінен етек жайып келе жатқан эмансипация салдарынан орын алып отырған құбылыс.





Үміткерлердің басым көпшілігі Алматы қаласының тұрғындары болып шықты (31%), екінші орында Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғындары (12%), одан соң Астана қаласы мен Жамбыл және Қарағанды облыстары ілесіп келеді (әрқайсысы 8%-дан). Қостанай, Қызылорда мен көршілес Қырғыз Республикасы жастары бірдей қызығушылық танытты (әрқайсысы 5%-дан). Шығыс және Солтүстік Қазақстан, Алматы, Ақтөбе, Павлодар облыстары бірдей үлесті иемденді (әр аймаққа 3%-дан). Ресей үміткерлері де сондай үлеске ие болды (3%) (3-сурет).



3-сурет. Аймақ бойынша бөлінген үміткерлер үлесі

Жыл сайын өткізілетін іріктеуді сараптай келе, жылдан жылға үміткерлер санының азайу тенденциясы байқалатынын атап өту қажет. Бұл жағдай 90-жылдарға тән экономикалық дағдарыс пен жұмыссыздық салдарынан халық өсімінің төмендеуімен ерекшеленген демографиялық ордың нәтижесі болып табылады.


**«Ғұмырың ертең бітердей өмір сүр,  
шексіз болардай тәлім ал»**

*Махатма Ганди*


## 1.2. Мүгедектігі бар жастарға арналған Білім гранттары бағдарламасы

Ерекше қажеттіліктері бар жастарға арналған Білім гранттары бағдарламасы да Қор байдарламаларының маңызды құрамдас бөлігі болып келеді. Бұл бағдарламаның іріктеу тәртібі Бакалавр дәрежесін алу бағдарламасында қолданылатын сынағымен, әсіресе үміттенушілердің қаржылық жағдайын қарастыру барысында қолданылатын талаптарымен ұқсас келеді.

Үміткерлердің жеке қабілеттеріне баға бергенде Қор ертеңгі күні бәсекелестікке төзе алатын ынталы әрі белсенді жастардың есесіне шешім қабылдауды мақсат етеді. Бастарына түскен сырқат пен кемтарлыққа қарамастан, ел қатарына қосылып, небір маман иесі болу, қоғамның тең құқылы азаматы болып өмір сүруге деген құлшынысына көп көңіл бөлінеді, сондықтан да олардың бойында сол ынта мен ішкі өзектің бары-жоғы іріктеуде негізге алынатын басты көрсеткіш.



4-сурет. Аймақ бойынша бөлінген үміткерлер үлесі (Қайырымдылық бағдарламасы)



5-сурет. Жынысы бойынша бөлінген үміткерлер үлесі (Қайырымдылық бағдарламасы)

Өткен жылы гранттарды алуда алты аймақтан келген үміткерлер бақ сынады. Олардың 52% Алматы қаласынан, бұндай көрсеткіш қала тұрғындарының Қор қызметі жайында хабардар болуларымен байланысты. Сонымен бірге Қордың қалада орналасуы балалардың байқау барысында да, оқу уақытында да Қормен байланыс үзбеулеріне мүмкіндік береді. Үміткерлердің қалған 18%-ы Ақмола облысы тұрғындарын құрады, Алматы мен Қарағанды облыстары 12%-дан ие болды, ал Астана қаласы тұрғындары 6%-ға ие болды. (4-сурет).

Байқау өтінімдерін сараптау барысында жастар мамандық таңдау кезінде өз ерекшеліктерін ескере отырып, қол еңбегін аса көп қажет етпейтін аударма ісі, компьютерлік технологиялар, бухгалтерлік есеп-қисап секілді мамандықтарға бет бұрғанын көруге болады. Сонымен бірге жастардың журналистика, театр өнері мен вокалдық шеберлік секілді шығармашылық мамандықтарға деген ұмтылыстарын байқауға болады.



Қор жастардың сырқаттарына байланысты шектеу қоймайтыны жайында баса айту қажет, алайда оқу орындарының қажетті инфрақұрылымының тапшылығына байланысты арбаға тәуелді жастар Қор көмегін пайдаларына асыра алмады, тіпті өткен жылдар байқауларында жеңімпаз атанған жастар осы себеп салдарынан гранттан бас тартқан жағдайлар да болды. Биылғы жылы Балқаш көпсалалы колледж басшылығы арбаға тәуелді болып отырған Кенбабин Арғынның өтініміне мойын бұрып, заң саласында тәлім алып, болашақта мүгедек адамдардың құқықтарын қорғауға ат салысуды арман қылған жігітке жағдай жасауға келісті.

Аяқ-қолы кемтар балаларға арналған №2 арнайы түзету мектеп-интернатының түлегі, Оразбек Азамат, байқау комиссиясын ішкі талпынысымен таң қалдырды. Ойыннан өрт шығып, электр трансформаторынан соққан тоқ Азаматты екі қолынан айырды. Бұған қарамастан ол өмірге бейімделіп, ешкімге тәуелді болмауға тырысады: қолына қалам алып жазуды үйренді, үстел теннисімен шұғылданады, үй шаруасына да кірісіп кетеді. Осындай шектеулерге қарамастан, жігіт атағына әбден лайық осы екі жастың көкірегі өмірге деген сүйіспеншілікке, жігер мен қайратқа, ел қатарлы өмір сүруге деген құштарлыққа толы. Өмірдегі қиыншылыққа мойымай, алға қойған мақсатқа талпынысы мол жастарға қолдау көрсету – Қор үшін игі іс.

*«Мектеп – өсіп келе жатқан жаңа буынның өрісін қалыптастыратын шеберхана, болашағымыздан айрылып қалмау үшін оны мықтап ұстау керек»*


*А. Барбюс*

### **1.3. Кентау қаласындағы №16 мектепті қолдау**


Ержан Тәтішев Қоры Ю.А. Гагарин атындағы №16 мектеп-лицейі қабырғасында тәлім алып жатқан жас көшбасшылардың бастамаларын қолдауда. Аталмыш бағдарламаның көздеп отырған мақсаты - Ержан Нұрілдайымұлы Тәтішевтің өзі тәлім алған мектептің оқушыларына демеу беру. Аталмыш мектеп-лицейінің Оңтүстік Қазақстан облысы мектептері арасында беделі жоғары, оқушылардың мектеп пен қала өміріне белсенді ат салысқандары және түрлі олимпиадалар мен сайыстарда алған жүлделері оның айқын дәлелі.

Өткен жылдың ішінде лицей қабырғасынан 41 түлек қанат жайып шықты, олардың 3-еуі «Алтын белгіге» ие болды. 14 бала Алматы, Шымкент, Түркістан, Қарағанды, Көкшетау қалаларындағы университеттері гранттарына, 3-еуі Ресейдің Ульяновск және Санкт-Петербург қалаларындағы университеттері гранттарына қол жеткізді, ал мектептің 1 түлегі АҚШ-тағы Клирвотер Университетіне оқуға түсті. Бірнеше жылдан соң балалар радиотехника, телебайланыс, энергетика, машина жасау, мектепке дейінгі білім беру, медбике ісі, стоматология, аударма ісі, стандарттау, сертификаттау және метрология, спорт, туризм және қонақүй ісі, экономика, құқықтану секілді сан алуан салалары дипломдарын алып шығады.

Балалар қоғам өміріне етене араласуда: мектеп қабырғасында бастау «Рапсодия» би ансамблі облыс аумағында өткізілетін байқаулардан қалыспайды, оның ерекше би қойылымдары – қалада өткізілетін мерекелік шаралардың көркі. Мектеп қарамағында жұмыс істеп келе жатқан ғылыми клубының тобы микроспутникті ұшыру жобасымен грантқа қол жеткізіп, Норвегияға іс жүзінде эксперимент өткізуге шақырылды. Ержан Тәтішев атындағы шәкіртақы бағдарламасының 2013 жылғы жеңімпазы, Шамитова Регина, «Хабар» агенттігінің «XXI ғасыр көшбасшысы» атты интеллектуалды ойынына қатысты. Қордың 2012 жылғы стипендиаты, Абдрахманова Карина, «Жас ғалым» республикалық байқауында 1-дәрежелі дипломға ие болды.



6-сурет. Жынысы бойынша бөлінген үміткерлер (№16 мектеп)



7-мектеп. Жас көрсеткіші бойынша бөлінген үміткерлер үлесі (№16 мектеп)

Арнайы шәкірақылар байқауы қалыптасқан дәстүрге бойынша қыркүйек айында басталды. Іріктеудің бірінші кезеңі олардың оқу үлгерімін көрсететін табельдері, қоғамдық жұмыстарда және түрлі пәндер бойынша өткізілген сайыстарда ұтып алған жұлделі орындары мен жетістіктері жинақталған жеке істері, яғни портфолио негізінде өтті. Бағдарлама талаптарына сай келген үміткерлер берілген тақырыпқа шығарма жазулары тиіс болатын. Екінші айналымнан өткен үміткерлер сұхбатқа шақырылып, отбасылары, өмірлік мақсаттары мен жоспарлары туралы әңгімеледі, пір тұтатын және үлгі болатын тұлғалары жайында ой бөлісті. Балалар спорт, музыка үйірмелеріне қатысатындары аңғарылды, олардың қызығушылықтары нақты ғылым мен өнер салаларымен ұштасатын

көрінеді. Оқытушылар ұжымы өз қамқорлығындағы балаларға барынша қолдау көрсетіп, мектепке жаңадан келіп түскендерге айрықша көңіл бөлуге тырысады.



Байқауға қатысушылардың басым бөлігі қыз балаларды құрады (64%) (6-сурет); 8-сынып оқушылары үлкен белсенділік танытты (36%), 9 бен 10-сыныптар арасында іріктелген жасар саны бірдей үлеске ие болды (23%-дан), ал үміткерлердің ең аз бөлігі 11-сынып оқушылары құрады (7-сурет).



Арнайы шәкіртақы бағдарламасынан басқа, мектепте жыл сайын сәуірдің 22-сі жұлдызында, дәстүрлі шараға айналған Ержан Нұрлдайымұлы Тәтішевтің туылған күні қарсыңында Еске алу күні өткізіледі. Осы шара аясында қаланың жеті мектебі арасында

әскери-спорттық жарыс пен волейбол ойындары, кіші сынып оқушылары арасында өткен эстафеталық сайыс пен «Болашақтың мектебі» атты байқау ұйымдастырылды. Іс-шара дәстүр бойынша мерекелік концертпен аяқталды.

**«Адам өз мақсаттарымен бірге есейеді»**  
Ф. Шиллер

## **2. Біздің түлектер**

Биылғы жылы Қор түлектерінің қатарына 14 жас қосылды. Жағдайы төмен отбасыларынан шыққан 5 бозбала мен бойжеткен КИМЭП Университеті мен Халықаралық Бизнес Университетінің бакалавр дәрежесіне ие болды, балалар үйінің 3 түлегі Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті мен Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Университетінің дипломдарын алды. Мүмкіндігі шектеулі 6 жас арнайы орта білім жайында дипломға қол жеткізді. Оқу бітірген жастардың барлығы дерлік оқуда озат, қоғамдық өмірдің белсенділері қатарында.

Бүгінгі күні жұмыспен қамтитын орындар Қор түлектеріне үлкен үміт артатын жас маман ретінде қызығушылық танытады. Бірінші себеп – олардың бүгінгі нарыққа қажетті жоғары деңгейлі білімге деген сұраныс. Сонымен қатар балалардың еріктілік жобаларды орындау барысында жинақтаған тәжірибелері де себеп. Қандай да бір жобаға ат салысып, іс-шара ұйымдастыру бейнетті де қиын іс болғандықтан, оны орындау барысында келісім жүргізу, шараны өткізуге қажетті қаражат жинастыру, байланыс құрып, істі басқару сынды машықтарды жетілдіреді. Түрлі мақсаттық топтарды (зейнеткерлер, балалар үйінде тәрбиеленіп отырған жасөспірімдер, жағдайы төмен отбасылары) ұйымдастыру, істің оңды болуына ықпал жасайтын мамандар және сарапшылармен (бизнес кәсіпорындарының басшыларымен, басқару органдарымен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, балалар интернаттық мекемелерінің басшыларымен) тығыз қарым-қатынас құру стипендиаттардан үлкен мақсаттарға бет бұруды қажет етеді. Сол мақсаттарды орындау жолында олар үлкен сынақтан өтіп, жан-жақты дамыған, икемді әрі креативті ой-өрісі дамыған адамдар қатарына қосатын теңдесі жоқ тәжірибеге қол жеткізеді. Бүгінде жастарымыз түрлі әлеуметтік жобалардан алған іскерлік қабілеттерін «GForceGrey», «Procter&Gamble», «PriceWaterHouse», Каспий Банк сияқты ілгері саптағы компанияларда қолданып жүр. Бүгінгі таңда оқуды бітірген жастарымыз аудит, маркетинг, құқықтану, компьютерлік технология, экология мен табиғатты пайдалану, бастауыш білім беру мен теміржол тасымалы сияқты салаларда алғашқы қадамдарын жасауда. Өткен және биылғы жыл түлектері «Тот самый бар» клубында өткен «Стиляги» қайырымдылық кеші мен «Da Freak» түнгі клубында «Charity's Cherry» атты қайырымдылық концерті сияқты ірі еріктілік жобаларды ұйымдастырды. Жиналған қаражат мүгедек балаларды спорт арқылы сауықтырумен айналысатын «Special Olimpics» қоғамдық ұйымына және де лейкоз ауруына шалдыққандарға берілді.



## **Түлектерден ой түйін:**



### **ЮЛИЯ ДОБРЫШКИНА**

**Ержан Тәтішев Қорының 2013 жылғы түлегі**

**Алматы Бизнес Колледжі**

«Мен өзімді жарқанмінез, тайсалмайтын қыздар қатарына жатқызамын. Бұрынғы кезде мен өзімді табысты адамдар қатарында көргім келіп, арманға бататынмын. 2010 жылы 9-сыныпты бітіргелі тұрған кезімде мен де басқа сыныптастарым сияқты, «әрі қарай не істеу керек» деген ойда жүрдім. Ол кезде бұл сұрақтың жауабы айдан айқын еді – мектепте қаламын деп шештім, өйткені колледжге түсу үшін қаражат керек-тұғын.

Бір күні көзім кездейсоқ бір хабарландыруға келіп түскені. Онда қайырымдылық іс-шараларын іске асыратын Е.Тәтішев атындағы Қоры мүгедектігі бар адамдардың білім алуларына қолдау жасайтыны жайында делінген. Қорға қоңырау шалып, грантты алу шарттары жайында кеңес алғаннан кейін осы Қордың стипендиаты болуға бел будым. Осылайша оңайлықпен берілмейтін байқаудан өтіп, Е.Тәтішев Қорының стипендиаты атандым. Сол кезден бастап қызықтарға толы колледждегі өмірім басталды. Қор менің бойыма табыс пен сәттілік сезімін ұялатты. Қордың іргетасын қалаған және қызмет етіп отырған мейірімді де қайырымды адамдарға айтар алғысым мол. Мүмкіндігі шектеулі жандарды назардан тыс қалдырмай, оңды істі алып жүргендеріңіз үшін көп рахмет. Жолымыздан адаспай, өмірлік бағытымызды тапқанымыз – сіздердің арқаларыңыз.

Қордың бастама берген көшбасшылар мектебінде қызықты да танымды тренингтер өткізіледі. Стипендиат болып жүрген кезімді өмірімнің ең бақытты кезеңдеріне жатқызамын. Мен тек білім алып қана қоймай, бойымдағы қабілеттерімді ашып, сан қырлы бағытта дамуға мүмкіндік берген өмір мектебінен өттім. Ең бастысы дүниеге деген көңілім өзгеріп, өз-өзімді бар күшіне сенетін ерекше тұлға ретінде сезіне бастадым. Мен Е.Тәтішев Қорының стипендиаты атанғанымды әркез мақтан тұтамын. Менің алдыма қойған мақсатым – үміт артқан адамдардың сенімдерін ақтап, өз ісімде озат атану және қоғамның бетке ұстар азаматы болу. Қорымыз өркендеп, тек үлкен жақсылықтар мен табыс-жетістіктерге жетсін дегім келеді! Рахмет!».





### **АСЛАН ӘДІЛБЕКОВ**

**Ержан Тәтішев Қорының 2013 жылғы түлегі**

**КИМЭП Университеті**

«Университетті бітірген шағыңда оның тұлға ретінде қалыптасуыңа апарар жолдың бір сатысы ғана екенін ұғынасың. Менің есімім Әділбеков Аслан, мен өткен жылы еліміздің ең үздік жоғарғы оқы орны, КИМЭП Университетінің түлегі атандым. Университетте оқу кезінде мен білім мен тәжірибеге ие болып, жаңа достар таптым, сонымен бірге КИМЭП мен үшін бизнес пен іскерлік қарым-қатынас жасаудың мән-жайын терең түсінуге мүмкіндік берді. Бұған біз, кимэптіктердің мейджорлер деп атайтын арнаулы пәндер мен өзім бастама берген студенттік ұйымдағы жұмыс ықпал етті. Дер кезінде қолдау көрсетіп, тіреу болған Ержан Тәтішев Қорының арқасында мақсатыма қол создым. Мен Ержан Тәтішев Қорының стипендиаты атануды қалай мақтан тұтсам, оның түлегі болуды да солай мақтан етемін. Қордың өзіне ғана емес, онда жұмыс істейтін адамдар мен оқу кезінде қолдау көрсеткен жандарға да алғысымды білдіремін».



### **ӘНЕЛ АЙҒАРАЕВА**

**Ержан Тәтішев Қорының 2013 жылғы түлегі**

**Халықаралық Бизнес Университеті**

«Бәрі де кеше ғана болған секілді... Алып қарасаң, Қорға келіп, оқуға түскенімізге 5 жыл болыпты. Осы уақыт ішінде қаншама өзгеріс пен өткен іс болды десеңші. 11-сыныпта БҰТ-ге дайындық кезінде сыныптасым, Исмағұлова Әйгерім екеуіміз жүрегімізге үлкен үміт оты ұялатып, грантқа іліну жолдарын іздестіргеніміз әлі есімде. Тестілеуге ынтамен дайындала, бірнеше қордың байқауларында бақ сынауға бел будық, соның бірі Ержан Тәтішев Қоры еді. Анам Қорға жолдаған алғыс хатында: “Белгісіз бір себеппен Қор жайында біле салысымен, үлкен сенім артып, онда жасалып жатқан жұмыс пен қабылданатын шешімдер әділ әрі адал екендігіне еш күмән келтірмей, күшімізге сенім арттық” деп жазған еді. Ол расымен де солай болды. Екінші айналым өткен мектеп пен байқауға қатысқан балалармен достасқанымыз, екінші айналымның өту барысы анық есімде. Бастысы, бұның істің соңы немен бітетіні, грант кімнің еншісінде кететіні жайындағы шешімді асыға күткеніміз рас. Алайда мен сол күннің ырғағымен шабыттанғаным соншалық, тіпті өткен күннің өзіне разы болған-тұғым. Одан соң маған қоңырау шалып, менің барлық байқау сынақтарынан өтіп, грантты ұтқаным жайында, енді ХБУ-да оқып, оған қоса стипендия алатынымды хабарлады. Өзім және маған үнемі қолдау көрсетіп, демеу берген анам үшін қуаныш пен мақтанышты қойныма сыйдыра алмай, сол күні барлық туысқан-тумаларыма қоңырау шалып, осы жақсылық жайында жар салдық.

Оқуымызды кеше ғана болған 2009 жылы бастаған сияқтымыз, ал былтырғы жылы дипломдарымызды қорғап шықтық. Студенттік өмірімнің қызықтары жайында әңгімелеу үшін он беттің өзі де жете қоймас. Қордың арқасында ол мәнді де мазмұнды болды.

Ал қазіргі кезде мен жарнама бизнесінің алыбы болып саналатын «Gforce Grey» компаниясында жұмыс істеп келемін. Диплом алмай тұрып, жұмысқа қабылдар кезде компания басшылары түйіндемеді мұқият зерттеп, Ержан Тәтішев Қорының грантында оқып жүргеніме, қоғамдық өмірге етене араласқаным таң қалды. Бұл өзім үшін де, қызмет бабында өсуіме де үлкен артықшылық болды. Студент шағымда атқарған еріктілік жұмыстарының арқасында жинақтаған тәжірибе қызметімде үлкен қолқабыс болып отыр.

Мен Қордың барлық стипендиаттары мен түлектеріне күш-жігер, игі бастамаларда табысқа жетулеріне тілектеспін, ал біздің Қорымыздың өркені өсіп, тұрақты даму жолында болсын дегім келеді! Бізге сенім артып, үнемі қолдау көрсеткені үшін Қорға алғысымды білдіремін.

Осы уақыт ішінде Қор менің отбасым ғана емес, өмірімнің бір бөлігіне айналды десем артық болмас. Менің ойымша, бұл өзгеріссіз қалатын жәйт».



### **ӘЙГЕРІМ ИСМАҒҰЛОВА**

**Ержан Тәтішев Қорының 2013 жылғы түлегі**

**Халықаралық Бизнес Университеті**

«Бүгін алыс болып көрінетін 2009 жылы мен мектепті жаңадан бітіргелі отырған шағым еді. Сол уақыт барлық жастар үшін шешім қабылдайтын маңызды кез еді. Барлық түлектер үлкен өзгерістер қарсаңында тұрған едік.

Қор жайында мен анамның арқасында білген ем. Анам осындай Қордың барын білген соң, қажетті құжаттарды жинастыра бастадық. Мен өзім өткен іріктеу айналымдарын ешқашанда ұмытпаспын. Өмірімде алғашқы рет қызықты ойындар, дебат пен көптеген басқадай ойын-сайыстарға құмарта қатынастым. Сол уақытта күш сынасқан балалардың барлығы дерлік жақсы дайындықпен келгеннен кейін, менің бойымда біраз сенімсіздік ұялады. Алайда сол жылы сәті түсіп, ХБУ-нің студенті мен Қор стипендиаты атандым.

Университетте тәлім алу мен үшін ең бақытты кез еді. Мен таңдауым түскен мамандығыма разы болдым, бұны бақытқа жетелер жолға адымдау деп санадым. Оқу кезінде бір жылым Будапешт қаласында әсерлі де ұмытылмас сезімге толы уақытпен өтті. 4-курста, Венгриядан орала салысымен KPMG Аудит компаниясына тәжірибе өтуге орналастым. Бұл да өмірімдегі шешуші кезең болды. Оқуымның соңғы жылы өте тәжірибелі әрі көрнекі жылға айналды: жұмыс істей отырып, кәсібіме қатысты жаңа мағлұмат алу, оны мемлекеттік емтихандар мен дипломға дайындықпен ұштастыру қиынға соқты. Бұның бәрі де менің өткен үлкен өмірлік мектебім еді.

Бүгінде мен KPMG-де қызмет жасаймын, тәжірибеден кейін маған жұмыс жайындағы ұсынысты жақсы мүмкіндік деп қарастырып, қолдан жібергенім жоқ. Қазіргі уақытта

қатысып отырған жобаларымның әрқайсысы өз алдына ерекше, ал жұмысым бір орынға қадалып отырған жоқ – іссапарларға жиі шығып тұруыма тура келеді. Айналысып отырған ісім өзіме ұнайды.

Егерде мен сол кезде Қормен өмірімді байланыстырмасам, бәрі де мүлде басқаша болар еді деген ой жиі-жиі келеді. Біздің еріктілік жобаларымыз бен тау жортып шыққан кездеріміз, бірге қарсы алған мерекелер мен жай кездесулер жадымнан ешқашанда кетпес. Мен Қор жаңұясына жаңадан келген жастарды көріп, стипендиаттардың өмірінде болып жатқан өзгерістер жайында естігенімде, жаным жадырайды. Ал бүгінде Қормен өткен қызықты төрт жылды тәмамдай келе, оның жарқын болашағына сенемін дегім келеді, өйткені Қорымыздың алдына қойып отырған мақсаттары мен борышы, білім атты құндылықты сыйға тарту – әрқашанда оңды іс».

**«Мейірімділік – адамның ішкі әлеміндегі жарқыраған күн»**

Виктор Гюго

### 3. Стипендиаттар клубы



8-сурет. Салалар бойынша бөлінген жобалар үлесі

Ержан Тәтішев Қорының стипендиаттар Клубы Қордың белсенді еріктілері жандандырған бейресми бірлестік болып табылады. Өздерінің еріктілік бастамаларымен өмірге жақсы өзгерістер әкелу мақсатында бас қосқан абзал жандарды бір шаңыраққа жинап отырған осы клуб. Қор стипендиаттарының кез-келген еріктілік бастамаларын қолдайды, олардың ішінде мұқтаж топтарға (мүмкіндігі шектеулі адамдарға, қарияларға, жағдайы төмен отбасыларға, ауыр науқасқа шалдыққан кісілерге, интернат пен балалар үйінде тәрбиеленіп отырған жастарға)

жәрдем беріп, қабілеттерін әрі қарай дамытуды мақсат қылатын ұзақ мерзімді жобаларға ерекше көңіл бөлінеді. Стипендиаттардың өз жобалары Клуб мүшелерін неғұрлым көп қатыстырса, соғұрлым көп қолдауға ие болады.

Өткен жыл ішінде жастарымыздың іске асырған жобаларының ішінде ең үлкен үлеске ие болған халықтың мәдени деңгейін көтеруге бағытталған жобалар – 26%. Мәдени-ағартушылық бағыттағы жобалардың барлығы дерлік мұқтаж топтардың қажеттіліктеріне арналды.

Олардың ішінде Онкология институтының балалар бөлімінде емделіп жатқан балдырғандар, аяқ-қолы кемтар балаларға арналған №2 арнайы түзету мектеп-интернатының оқушылары, Алматы қаласының Әуезов пен Бостандық аудандары Қарттар үйінің қария тұрғындары, жағдайы нашар отбасыларынан шыққан №63 мектеп оқушылары, «Жанұя» мен «Бағанашыл» балалар үйлерінде тәрбиеленіп отырған жеткіншектер, мүмкіндігі шектеулі жандар бар. Жобалардың ішіндегі ең мәнді де мағыналылары деп: «Ұрпақтар сабақтастығы» атты соғыс ардагерлері мен «Жанұя» балалар үйіне арналған концерттік шараны, Астана қаласының балалар үйіндегі бітіру кешін, Ерлан Көкеевтің Ретро-клубында ұйыдастырылған караоке әндерінің сайысы мен «Құшағыңды жай» атты «Шырақ» Мүгедектігі бар Әйелдер Ассоциациясының флеш-мобын айтуға болады.

Стипендиаттардың белсенді ат салысқан жобаларының бірі – Онкология институтында емделіп отырған 3 пен 14 жас аралығындағы балаларға арналған КРМГ-дің «Бірге үйренеміз» атты қолөнер сабақтары жобасы. Наурыз мерекесінің қарсаңында олар өз қолдарымен түрлі бұйымдар жасап, сурет салды, алайда шараның басты мақсаты – балалармен қарым-қатынас жасап, олардың емханадағы күнделікті өмірлерін қызықты ету және қамқорлық көрсету еді.



Клубтың өз бастамаларының ішінде маңыздылығы мен ауқымдылығы жағынан есте қалған жобалардың бірі аяқ-қолы кемтар балаларға арналған №2 арнайы түзету мектеп-интернатында өткен Ержан Тәтішевтің туған күніне бағышталған еске алу концерті болып табылады. Мектеп-интернаттың мәжіліс залында өткен бұл шараға 80-нен астам мүмкіндігі шектеулі адам қатынасты. А.Жұбанов атындағы музыкалық мектебінің үрмелі аспаптар оркестрі және өз еркімен концертке ат салысам деген дарынды жастар мерекені әсем ән, тәтті күймен әрлендірді.



Мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғам өміріне ел қатарлы ат салысуы әлі күнге дейін қоғамымыздың көкейкесті мәселесі болып табылады, сондықтан да Қор жастарының осы балалардың рухани дамуына қосатын үлестің маңызы зор. Жас көрермен эстетикалық ләззат ала отырып, бой жазды, өнер көрсеткен әртістермен араласып, арман-уайымдарымен бөлісті.

Бұнда ерекше атап өтетін жәйт – осы мектептің түлегі, концерттің іске асуына дем беріп, ұйымдастырған Мәлика Үсерова өзі тәлім алған интернат жеткіншектеріне әрдайым қолдау көрсетуге ұмтылады. Балалар Қордың атқарып отырған қызметі жайында ақпарат алып, Малика жасаған бейнеклип арқылы Ержан Нұрлдайымұлының өмірлік жолы мен білікті маман ретінде қалыптасуы туралы білді. Концертті ұйымдастыру шараларына Клубтың 9 стипендиаты ат салысты.

Сонымен бірге көрнекі істер қатарына Қордың 2012 жылғы стипендиаты, Халықаралық Бизнес Академиясының студенті болып табылатын Лекеров Мұхтардың аталмыш Академияның қолдауымен ұйымдастырған «Ұрпақтар сабақтастығы» атты Дүниежүзілік қарттар күніне бағышталған қайырымдылық концертін жатқызуға болады. Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлері концертті рахаттана тамашалады, №63 мектепте оқып жүрген жағдайы төмен отбасылары балалары ардагерлермен сырласып, олардың өмірде көрген-білгендері жайында қызықты әңгімелерін ұйып тыңдады. Қонақтарды ХБА-ның 1-2-курстың 60 студенті қарсы алды, концерт соңында оларға гүл шоқтары мен сыйлықтар ұсынылды. Шараға Әуезов және Бостандық аудандарының қарттар үйлерінде тұрып жатқан 40 жан, еңбек батыры атанған қариялар, соғыс кезінде туылғандар, ҰОС ардагерлері, және де №63 мектепте оқып жүрген жағдайы нашар отбасыларынан шыққан 6-7-сынып оқушысы қатынасты. Концертті өткізуге ат салысып, өнер көрсеткендердің ішінде А.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Академиясының 1-2-курсында оқып жүрген 30 студент, Қожа Ахмет Йассауи атындағы №123 мектеп-гимназиясының жас домбырашылар оркестрі, ХБА-ның 1-курс студенттері құрған «Step“N“Jazz» тобы болды. Өсіп келе жатқан ұрпақ пен қарттар арасында сабақтастық орнату мақсатымен жарық көрген жобалар Қордың белсенді буыны арқасында жыл сайын өткізілетін дәстүрлі іске айналып келеді. Бұндай бастамалар ұрпақтардың жақындасып, арадағы түсініспеншілікті нығайтуға септігін тигізеді, қарттар мәртебесін биікке көтере отырып, өмірлік тәжірибесі мен құндылықтарын жас ұрпаққа аманат қылуға жол ашады.



Қор стипендиаттарының тағы да бір игі бастамасы «Бағанашыл» балалар үйі мен кәмелеттік жасқа жетпеген балаларға арналған уақытша баспана балдырғандарына жаңа жыл мерекесі мен танымдық тақырыптар бойынша өткізілген сабақтар болды. Баспана балаларға үшін Республика күні қарсаңында патриоттық тақырыпқа арналған дәріс өткізілді. Балалар «Спирит – душа прерий» атты мультфильмді көріп болғаннан соң атамекенге деген сүйіспеншілік пен бостандықты қалай түсінетіндері жайында әңгімеледі. «Қазақстан – менің отаным» және «Патриот деген кім?» атты ойындар балаларды ашылып, әңгімеле айтуға тартты. Сабақ барысында Қазақстанның тәуелсіздігі мен 1986 жылғы көтеріліс қаһармандары жайында, әр қазақстандық білуге міндетті деректер мен тарихи оқиғалар жайында әңгіме қозғалды. Осы сынды танымдық сабақтар – патриоттық тәрбиенің бір бөлігі, бұндай шаралар жас ұрпақтың елсүйгіштік сана-сезімінің және рухани құндылықтарының қалыптасуына үлкен септігін тигізеді.





Жаңа жыл қарсаңында ұйымдастырылған мерекелік концерт «Бағанашыл» балалар үйінің жеткіншектері мен балдырғандарының күнделікті сарынына қызықты да әсерлі өзгеріс әкелді. Балалар сыйлықтарға разы болып, кеш бойына шаттанып көңіл көтерді, алайда олардың бар көңілдерін баурап алған Аяз Ата және оның көмекшілері: қарапайым көңілге кенде болған балалар жадырап қалды. Жоба 8-14 жас аралығындағы 16 баланы қамтыды, шараны ұйымдастырған Қордың 6 еріктісі.





Стипендиаттарымыз ойындағыларын ғана іске асырып қана қоймай, Қордың серіктес ұйымдарына олардың әлеуметтік маңызды жобаларын жүзеге асыруда жәрдемдеседі. Сондай жобалардың бірі «Шырақ» мүгедектігі бар Әйелдер Ассоциациясы» Қоғамдық Бірлестігінің өз мақсаттық тобы үшін ұйымдастырған Ерлан Көкеевтің Ретро-клубындағы караоке әндері байқауы еді. Сайысқа түскен 23 нәзік жан ән айту қабілеттерін паш қылып, Ерлан Көкеев және Айжан Нұрмағамбетова сынды қазақстан жұлдыздарымен қосылып, ән шырқады. Сайысқа қатысушылар мен әртістер емін-еркін сұхбаттасып, шараға қатысушыларды жақындастырды.



Спортқа баули отырып, мұқтаж топтардың өмірін жақсарту мақсатында жүзеге асырылған жобалары іске асқан барлық жобалардың 4%-ын құрады. Олардың ішінде World Class пен SOS еріктілер қозғалысы ұйымдастырған «Батыл босаң, озат бол» атты қайырымдылық марафоны болды.



Қор стипендиаттарымен қоса 91 адам тартып, екінші рет өткізіліп отырған бұл марафон спортқа қабілеті бар жағдайы төмен отбасыларынан шыққан және мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау мақсатымен ұйымдастырылды. Бұдан басқа қызықты жобалар ішінде Қырғызстанда алғаш рет өткізілген Рубик текшесін құрастыру чемпионаты болды. Бұл жастарды ой-өрісті дамытуға бағытталған ойындарға әуестеу мақсатымен жасалған бастама болып табылады. Жобаға жоспарланған 15 адамның

орнына 30 адам қатынасуға ниет білдірді, ал қатысушылардың жас айырмасы 50 жас шамасында болды.

Жастардың мүддесін алға жылжыту мақсатындағы жобалар үлесі 13%-дан аспаса да, олардың маңыздылығы мен мәні басқа жобалардан кем емес. Оларға: КИМЭП Университетінде құрылған Жастар Парламентінің жобасы аясында 21 жасқа дейінгі ішімдік ішкен жастарды арасындағы рейд шарасы, қалдықтарды кәдеге жарату, оның ішінде пластикті қайта өңдеу мәселесіне жұрт назарын аударуға бағытталған ХБА Enactus «Recycle» жобасы сияқтылар жатады. Осындай жобаларға қатыса отырып, жастарымыз бірнеше мақсатты орындайды. Біріншіден – олар халықтың мұқтаж топтарының өміріне оңды өзгеріс әкеледі, ал екіншіден жобаның әр кезеңінде жасалатын жоспар мен мониторингі жүзеге асыру үшін қажетті машықтарды дамытады, түрлі ақпарат көздерін қолдануды үйреніп, сараптау қабілеттерін жақсартады, өз бетінше және топпен қосылып іс атқаруды үйренеді, жоба нәтижелерін ұсынып, түрлі жоба қатысушыларымен қарым-қатынас орнатуға жаттығады. Үшінші кезекте орындалатын мақсат – жастар мәселелерімен айналысатын ұйымдардың (AIESEC, SIFE ENACTUS, Ержан Тәтішев Қорының стипендиаттар Клубы) мәртебесін көтеру.

«Көшбасшылықты дамыту күні» атты AIESEC жастар ұйымының бастамасы өткен жылы стипендиаттардың белсенді қатынасқан ауқымды жобалар тізіміне кірді. Жобаға қатынасқан 786 адамның басым көпшілігі алматылық университеттерінің студенттері мен мектеп түлектерін құрады. Олар көшбасшылық қабілеттер мен кәсіпқой машықтарды дамытуға бағытталған ілгері сап кәсіпкерлерінің дәрістеріне қатынасуға мүмкіндік алды. Қазақстанның 12 жетекші бизнес-компаниялары өкілдері, табысты кәсіпкерлер мен қоғам қайраткерлері спикер болып сөз сөйледі. Жастарды мемлекетіміздің тұрақты дамуына ықпал жасайтын жобаларды бастауға итермелеу мен қазақстан жастарының көшбасшылықты күшейту аталмыш жобаның міндеті болып табылады.



Былтырғы жылы іске асқан барлық жобалардың 13%-ы ақпараттық-ағартушылық мақсаттарды көздеді. Бұл – Шығыс Қазақстан облысы Ұржар ауданының Науалы ауылындағы және Тараз қаласындағы №1 балалар үйлері жеткіншектерінің болашақ мамандық таңдауда көмек болатын дәрістер. Алматы Онкология Институтының балалар бөлімінде емделіп жатқан 4 пен 14 жас арасындағы балаларға логиканы дамытуға

бағытталған ойындар және Қазақстан тарихы мен отансүйгіштік тақырыбына сұрақ-жауап сайысы өткізілді. Ойынға қатысқандар қан жүгіртіп, ән мен биге қосылған соң қысылмай, ашық сөйлесіп, ішкі сезімдерін білдіруге асықты.

«Let's speak қазақша!» жобасы орындап отырған міндеттері мен пішімі жағынан ең қызықтысы болды. «Қазақстан жастарының Медиаодағы» Жеке Қорының Үйлестірушісі, Руслан Минулин бастаған бұл жобада Қор стипендиаттары белсенділер қатарында көрінді. Негізгі мақсат – қазақ тілінде емін-еркін әңгімелесуге жағдай жасау. Сөйлесу қабілеттерін жақсартып, мемлекеттік тілді меңгеруге талпынған адамдар апта сайын Алматы қаласындағы «Мега центрдің» тамақтанатын қабатында өтетін кездесулерге қатынаса алады. Әрбір кездесу белгілі бір тақырыпқа арналған: жоба қатысушылары салт-дәстүр, мақал-мәтелдердің мән-мағынасына жетуге тырысады, заманауи терминдер мен сөз тіркестерінің баламаларын талқылап, қазақ тілін оқытудың қолданыстағы әдістемесі жайында пікірталас өткізеді. Қазақ тілінің мәртебесін көтеруге және де оны меңгеруге қолқабыс болатын қызықты әдістемелерге көңіл бөлетін жобалар орыс тілі басым қолданылатын Алматы қаласының тұрғындары үшін өте орынды. Қор стипендиаттары 2013 жылдың шілдесінде бастау алған АҚШ Бас Консулдығы, CAEF пен ACCELS қолдауымен іске асқан «UNI Library» атты жобасына да ат салысты. Ашық аспан астында Алматының саябақтарында таңғы сағат 9 бен кешкі 8 арасында жұмыс істейтін кітапхана ашылды. Кітапхананың ерекшелігі магниттер көмегімен бекітіліп, оңай алынып-салынатын кітап сөрелерінде екен. Ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде жазылған бүлдіршіндерді қызықтыратын кітаптан бастап, бүкіл әлемге танымал романдарға дейін жинақталған 300-ге жуық өнер туындылары қала тұрғындары арасында үлкен сұранысқа ие.



Біздің жастар еліміздің әсем табиғатының экологиясына да бей-жай қарап отырған жоқ. Оның дәлелі – American Councils-тың «EnjoY» жобасы, Қапшағай су қоймасының жағажайын тазарту мақсатында ұйымдастырылған эко-жорығы, №2 арнайы мектебі мен 28 Панфиловшылар паркінде жүзеге асқан «Көшет егейік» жобасы, Үлкен Алматы өзенінің айналасындағы жерлерді ретке келтіру жобасы.

Жастар American Councils-тың байқауына қатысып, ұтып алған \$500 грантты қолғап, қоқыс жинауға керекті пакеттерді сатып алуға және жоба қатысушыларын апарып, алып келген автобус пен қоқысты шығарған камазды жалдауға жұмсады. Қордың белсенді жастары №2 арнайы мектебі мен 28 Панфиловшылар паркінде жүзеге асқан «Көшет егейік» жобасына «Экомир» ұйымын қатыстырып, көшет пен ұрықтарды екті. Жастарымыздың қала экологиясына үлес қоса отырып, жобаларды жазып, жандандыруды үйренді, ал мүмкіндігі шектеулі балаларды көшет отырғызу жұмыстарына тарту өз алдына олардың қоғам өміріне араласуына ықпал етеді.




Жүзеге асырылған жобалардың 17%-ы қайырымдылық бағыттағы бастамалар болды. Олардың ішіндегі көзге түскендер: «Жүректен жүрекке» жобасы аясында лейкоз ауруына шалдыққан 8 жасар Сәрсекенов Даниярдың еміне көмек көрсету мақсатында «Мускат» арт-кафесінде өткізілген қайырымдылық концерті (109 775 теңге көлемінде қаражат жиналды); «Махаббатыңды балаларға сыйла» атты шарасы аясында балалардың церебральды салдығы дертіне шалдыққан Думанова Еркежанның еміне қаражат жинастыру мақсатымен шарларды сатып, «Астана» алаңында көкке жіберу шарасы; «Шұғыла» Қоғамдық Қорының мақсаттық топтарына (Алматы облысындағы жағдайы төмен отбасылары мен балалар үйлеріне) керекті киім-кешекті жинастыру жобасы; Жеңіс күні қарсаңында ҰОС ардагерлерін қолдау жобасы; KELT (Kazakh English Language Theatre) жобасы аясында лейкемиядан қайтыс болған 11 жасар Айсұлу Азаматтың отбасына қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылған “Three Prince Charmings” атты қайырымдылық қойылымы.





Қордың стипендиаттары өздерінің бастамаларынан басқа серіктес үкіметтік емес ұйымдардың бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асыруға көмек беріп, мәтіндерді аударудан, қол күшін қажет ететін жұмыстарға дейін қолқабыс жасады. Бұндай жобалардың ішінде: Астана қаласының балалар үйіндегі жиһазды жөндеу, «Белый Бим» атты үйсіз қалған үй жануарлары баспанасындағы қоршауларды ретке келтіру, «Шырақ» Ассоциациясының мүшелеріне мүгедектік бойынша тіркелуге керекті құжаттарды рәсімдеуге және «АРДИ» Орталығының мақсаттық тобы үшін салынған аквацентрдің ашылуына көмектесу, Ұржар ауданы, Науалы ауылындағы балалар үйінде жөндеу жұмыстарына көмек жасау, «Кәсіпкерлік пен бизнес – дамып келе жатқан әлемдегі білім» атты ХБА-ы ұйымдастырған конференциясына тренер болуға лайық еріктілерді тарту, А.Жұбанов атындағы музыкалық мектептің үрмелі аспаптар оркестірінің концерттік бағдарламаларын ұйымдастыру, Қордың іс-шараларын бейнетаспаға түсіру мен сайт мәтіндерін ағылшын және қазақ тіліне аудару секілді жұмыстар жүргізілді.



#### **4. Біздің жетістіктеріміз**

Ержан Тәтішев Қоры өз стипендиаттарының білімге білім қосу жолында қазақстандық университеттерімен ғана шектеліп қоймай, шетелдік білімге құштарлықтарын әркез қолдап отырады. Халықаралық Бизнес Университетінің студенті әрі Қор стипендиаты, Динара Ким көктемгі семестр кезінде алмастыру бағдарламасы бойынша Оңтүстік Кореяның Дэджон қаласындағы Солбридж Халықаралық бизнес мектебінде дәріс алды. Солбридж Университеті Халықаралық Бизнес Университетінің серіктесі болғандықтан, қазақстандық студенттерін осы бағдарлама аясында қабылдап отыр. Сапардан алған әсері жайында бөліскенде, Динара оқытушылардың жоғары біліктілігі мен кәсіпқойлығын, сонымен бірге университеттің жастар жан-жақты даму үшін жасап отырғанғанын айрықша атап өтті. Алмастыру бағдарламасы бойынша оқу білім деңгейін көтерумен шектелмейді, ол мәдени ой-өрісті кеңейтіп, жастарға жаңа идеялармен құнығып, күштерін сынаққа салуға, және де өз қабілеттеріне баға беруге бірден-бір мүмкіндік туғызады.



Корей халқының тілін, мәдениетін, тұрмыс салтын, әдет-ғұрпын танып білу өте қызықты болды. Бразилия, Марокко, Франция, Мексика, Германия, Камбоджа, Непал, Индонезия елдерінен келіп оқыған студенттермен араласу Кореяда өткізген күндерді түрлендіре түсті. Корей және Қытай студенттерінің еңбекқорлығы мен оқуда танытқан табандылықтары көзге түспей қоймады, осы жәйт жоғары көрсеткіштерге талпынуға ынталандыра түсті. Университетте қолданылатын ынталандыру жүйесі қамшылап, студенттер арасындағы бәсекелестік екінін беріп отырды. Кореяда өткізген уақыт аралығында еріктілік жобалары да назардан тыс қалған жоқ: Sol-connection бағдарламасы аясында Дэджон қаласындағы балалар үйі жеткіншектерін бос уақыттарын қызықты өткізулеріне көмек көрсетілді, ағылшын тілін жетік меңгеруге ниеттенген корей студенттері үшін апта сайын дәрістер ұйымдастарылды. Жігіт пен қыздар тілді меңгеріп қана қоймай, мәдени-танымдық тұрғыдан пікір алмасты.

Динара ат салысқан ауқымды шаралар қатарында – МІҮС ұйымының қолдауымен іске асқан Бейбіт өмір мен тыныштықты ұран қылған дүниежүзі жастарының марафоны (International Youth Walk for World Peace and Restoration). Жыл сайын әлемнің түрлі қалаларын кезіп жүретін бұл шара 2013 ж. Сеул қаласына қонақтады. 2 шақырымға созылған жастардың бұл қозғалысы жер шарының барлық мемлекеттерін бейбіт өмір мен татулыққа шақырды.



Динара өз мамандығына қажетті білімді алып қана қоймай, өзге елдің тілі мен мәдениетіне терең жүгініп, сол елдің салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігін жақын танып-білуге, жаңа дос табуға мүмкіндік алды. Алмасу бағдарламалары адамның ой-өрісін дамытады, басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас жасап, тәжірибе алмасуға мүмкіндік туғызады, адамның өзіне сенімін арттырады, тәртіпке үйретіп, жаңа биіктерге қол жеткізуге ынталандырады.

2013 жылдың қыркүйегінде халықаралық Бизнес Академиясының 3-курс студенті, Көпбаева Лаура, халықаралық деңгейде өткізілген екі шараға ат салысты: Mashable атты технологиялық жаңалықтар порталы, БҰҰ қоры, БҰҰ Даму Бағдарламасы (UNDP), Нью-Йорк қаласындағы 92Ү мәдени орталығы мен Мелинда мен Билл Гейтс Қорының қолдауымен өткізілген Төртінші Игі Істер Саммитіне (Social Good Summit), және де SIFE Enactus-тың Халықаралық сайысында Халықаралық Бизнес академиясы тобының құрамында бақылаушы ретінде ат салысты.

Төртінші Игі Істер Саммитіне кәсіпкерлік пен қоғамдық істерде белсенділік танытқан жандар, инноваторлар мен әртістер, сонымен бірге өмірге оңды өзгеріс жасауға талпынған адамдар ат салысты. Саммитке қатысушылар күллі әлемдегі игі бастамалар мен инновациялық жобалар жайында, еріктіліктің атқаратын рөлі мен қоғамның көкейкесті



мәселелерін шешуге үкіметтік органдарды қатыстырудың қажеттілігі жайында, көшбасшылықтың алатын орны мен серіктестіктің маңыздылығы жайында әңгіме қозғалды. Шараға қатысушылар еріктілік жобаларды талқылап, жеткен жетістіктері мен өткерген сәтсіздіктері туралы ой бөлісті.

SIFE-тың Әлемдік кубогында 39 студенттер тобы, білім саласындағы көшбасшылар мен бүкіл дүниенің түкпір-түкпінінен келген бизнес өкілдері бас қосты. Шараға 3000 жуық студент, белсенді әлеуметтік кәсіпкерлер, инноваторлар мен әртістер ат салысты, ал Қазақстан туын Enactus ұлттық сайысының жеңімпазы атанған Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті көтеріп келді.

Бағдарлама аясында ұйымдастырылған ұлттық жәрмеңке кезінде әр команда өз халқының салт-дәстүрі мен болмысын жиылған ел назарына барынша көрнекі қылып паш етуге тырысты, ал бизнес-жобалар сайысында Қазақстан құрамасы «Union», «From Heart to heart» және «Экоline» атты жобаларды ұсынды. Қазақстан құрамасының жүлделі орынға ие болмағанына қарамастан, ширап, үлкен сыннан өтті, адамдар өмірін жақсартуға бағытталған кәсіпкерлік ісін алға жылжытуда теңдесі жоқ тәжірибе жинақтап, көптеген адамдармен жүздесіп, танысты.





Халықаралық Бизнес Академиясының 2-курс студенті, Пирогова Анастасия, шет жақта жүріп, еліміз бен Қорымыздың тағы да бір лайықты уәкілі болды. Ол қазақстандық делегацияның құрамында Киев қаласында өткен «Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудағы жастар рөлі» тақырыбына арналған еуропалық конгреске ат салысты. Шараның түпкі мақсаты аталмыш тақырып аясында тәжірибе алмасып, үйрену үшін жағдай жасау, сонымен қатар әлеуметтік кәсіпкерлікке бет бұрған жастарға қолдау жасай алатын елдермен серіктестік құру еді. Конгресте 45 ел өкілдері бас қосты.

Осындай деңгейде өтетін кең ауқымды шараларға қатысу жастарымыздың жалпы көзқарасын кеңейтуге жағымды әсерін тигізеді. Күнделікті өмір сарынынан асып, ой-өрісін кеңейткен олар үйреншікті нәрсені басқа қырынан көріп, жігерленеді, әлемдік жастар қауымдастығының немен шұғылданып, қандай бағытта қозғалатынын өз көздерімен көргеннен соң, жаңа биіктерге ұмтылады.

2013 жылы Қор стипендиаттары келесі ұйымдар мен мақсаттық топтарға көмек көрсетті:

1. «Жанұя» балалар үйі (Алматы қ.-сы)
2. «Бағанашыл» балалар үйі (Алматы қ.-сы)
3. №1 балалар үйі (Алматы қ.-сы)
4. Науалы ауылының балалар үйі (Ұржар ауданы, ШҚО)
5. Балалар үйі (Астана қ.-сы)
6. №1 балалар үйі (Тараз қ.-сы)
7. Әуезов ауданының ардагерлер үйі (Алматы қ.-сы)
8. Бостандық ауданының ардагерлер үйі (Алматы қ.-сы)
9. Кәмелеттік жасқа толмаған балалардың уақытша баспанасы (Алматы қ.-сы)
10. Балалар емханалары (Алматы қ.-сы)
11. Онкология Институты (Алматы қ.-сы)
12. Бала хирургиясы мен педиатриясы ғылыми орталығы (Алматы қ.-сы)
13. А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты (Алматы қ.-сы)
14. Аяқ-қолы кемтар балаларға арналған №2 арнайы түзету мектеп-интернаты (Алматы қ.-сы)
15. №63 орта мектебі (Алматы қ.-сы)
16. «Белый Бим» атты үйсіз қалған үй жануарларының баспанасы (Алматы қ.-сы)
17. Қапшағай су қоймасының айналасында елді мекендер менжағажай демалушылары
18. Үлкен Алматы өзенінің айналасындағы тұрғындар (Алматы қ.-сы)


19. «Шырақ» мүгедектігі бар Әйелдер Ассоциациясы» Қоғамдық Бірлестігі (Алматы қ.-сы)
20. «Шұғыла» Қоғамдық Қоры (Алматы қ.-сы)
21. Enactus SIFE (Алматы қ.-сы)
22. КИМЭП Университеті (Алматы қ.-сы)
23. Халықаралық Бизнес Академиясы (Алматы қ.-сы)
24. American Councils (Алматы қ.-сы)
25. Ержан Тәтішев Қоры (Алматы қ.-сы)

## 5. Қаржылық есеп

Өткен уақыт аралығында барлық Қор шығындары 41 976 573 теңгені құрады, олардың 65,47% бағдарламаларға жұмсалды (9-сурет). Профильді шығындар ішінде Білім гранттары Бағдарламасы бағдарламаларға жұмсалған барлық шығындардың басым көпшілігін, яғни 80%-дан астам бөлігін құрады. Қайырымдылық бағдарлама шығындары едәуір аз үлеспен көрінеді – 12,33% , одан кейінгі кезекте білім бағдарламасын басқару шығындары – 5,47%, Кентау қаласы жастарын қолдау – 2,01% және көшбасшылықты дамыту шығындары - 0,04% (10-сурет).



9-сурет. Бюджет құрылымы, 2013 (теңге)



10-сурет. Профильді әрекет құрылымы, 2013 жыл (теңге)

2013 жылдың аяғында Қор Қазақстанда қызмет атқаратын оннан астам банкілермен келісім-шарт жасаса отырып, қолма-қол немесе қолма-қолсыз есеп айырысу арқылы жүзеге асырылатын ақша аударымдарын (қайырымдылық жарналарын) қабылдау жүйесін іске қосты. Жеке тұлғалар есеп-кассалық бөлімшелер, төлем терминалдары, Казкоммерцбанктің е-рау электрондық төлемдер жасау жүйесі мен интернет-банкинг арқылы қайырымдылық жарналарын жасай алады.

### Мекен-жайымыз:

#### «Е.Тәтішев атындағы «Ержан» Қоры» Қоғамдық Қоры

Қазақстан Республикасы, 050026, Алматы қ.-сы

Байзақов к.-сі, 125, 335-кеңсе, тел/факс: +7 727 390 26 07

Эл.почта: [foundation@tatishevfoundation.kz](mailto:foundation@tatishevfoundation.kz)

[www.tatishevfoundation.kz](http://www.tatishevfoundation.kz)